

INTERNATIONAL SCIENCE REVIEWS



№3 (6) 2024

Social Sciences series

www.aiu.kz



International Science Reviews

Social Sciences series

Published since 2020

No. 3 (6) / 2024

Astana 2024

International Science Reviews. Social Sciences series
журналының редакциялық алқасы

БАС РЕДАКТОР

- **Амандыкова Сауле Кошкеновна**, заң ғылымдарының докторы, профессор, Астана халықаралық университеті (Қазақстан);

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

- **Ибраева Айгерим Ергалиевна** – PhD, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдары жоғары мектебінің деканы, Астана халықаралық университеті (Қазақстан);

РЕДАКТОРЛАР:

- **Хайрмуханмедов Нурбек Исабаевич**, PhD, құқық жоғары мектебінің деканы, Астана халықаралық университеті (Қазақстан);
- **Смагулова Зубираш Калыбековна**, PhD, экономика жоғары мектебінің деканы, Астана халықаралық университеті (Қазақстан);
- **Ахмадиева Жанна Куанышевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, Педагогика институтының директоры, Астана халықаралық университеті (Қазақстан);
- **Яцек Залесны**, заң ғылымдарының докторы, профессор, Варшава университеті (Польша);
- **Милен Балтов**, PhD, профессор, Бургас еркін университеті (Болгария);
- **Ришард Пукала**, PhD, профессор, студенттер жұмыс жөніндегі проректор, Бронислав Маркевич қолданбалы ғылымдар мемлекеттік университеті (Польша);
- **Шаляпин Олег Васильевич**, педагогика ғылымдарының докторы, Новосибирск мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры (Ресей);
- **Нағымжанова Қарақат Мұқашқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Қазақстан);

- **Аленов Марат Амрадинович**, заң ғылымдарының докторы, Астана халықаралық университеті (Қазақстан);
- **Аймурзина Бағлан Төлегенқызы**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Астана халықаралық университеті (Қазақстан);
- **Нурмагамбетов Аманжол Магзумович**, заң ғылымдарының докторы, профессор, Астана халықаралық университеті (Қазақстан);
- **Анафинова Мадина Латыповна**, филология ғылымдарының кандидаты, Астана халықаралық университеті (Қазақстан);
- **Жұмабаева Заида Ефимовна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Астана халықаралық университеті (Қазақстан);
- **Окутаева Сауле Толегеновна**, PhD, Астана халықаралық университеті (Қазақстан);
- **Самарханов Талант Нұржақыпұлы**, PhD, Астана халықаралық университеті (Қазақстан);
- **Сейсекенова Айнаш Байкенженовна**, филология ғылымдарының кандидаты, Астана халықаралық университеті (Қазақстан);
- **Шахметова Назира Аханқызы**, филология ғылымдарының кандидаты, Астана халықаралық университеті (Қазақстан).

International Science Reviews. Social Sciences series

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

- **Амандыкова Сауле Кошкеновна** – доктор юридических наук, профессор, Международный университет Астана (Казахстан)

ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА

- **Ибраева Айгерим Ергалиевна** – PhD, декан Высшей школы социально-гуманитарных наук, Международный университет Астана (Казахстан);

РЕДАКТОРЫ:

- **Хайрмуханмедов Нурбек Исабаевич**, PhD, декан высшей школы права, Международный университет Астана (Казахстан);
- **Смагулова Зубираш Калыбековна**, PhD, декан высшей школы экономики, Международный университет Астана (Казахстан);
- **Ахмадиева Жанна Куанышевна**, кандидат педагогических наук, доцент, директор педагогического института, Международный университет Астана (Казахстан);
- **Яцек Залесны**, доктор юридических наук, профессор, Варшавский университет (Польша);
- **Милен Балтов**, PhD, профессор, Бургасский свободный университет (Болгария);
- **Ришард Пукала**, PhD, профессор, проректор по работе со студентами, Государственный университет прикладных наук Бронислава Маркевича (Польша);
- **Шаляпин Олег Васильевич**, доктор педагогических наук, профессор, Новосибирский государственный педагогический университет (Россия);
- **Нагымжанова Каракат Мукашовна**, доктор педагогических наук, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева (Казахстан);
- **Аленов Марат Амрадинович**, доктор юридических наук, Международный университет Астана (Казахстан);
- **Аймурзина Баглан Толегеновна**, доктор экономических наук, профессор, Международный университет Астана (Казахстан);

- **Нурмагамбетов Аманжол Магзумович** – доктор юридических наук, профессор, Международный университет Астана (Казахстан);
- **Анафинова Мадина Латыповна**, кандидат филологических наук, Международный университет Астана (Казахстан);
- **Жумабаева Зайда Ефимовна**, кандидат педагогических наук, профессор, Международный университет Астана (Казахстан);
- **Окутаева Сауле Толегеновна**, PhD, Международный университет Астана (Казахстан);
- **Самарханов Талант Нуржакыпович**, PhD, Международный университет Астана (Казахстан);
- **Сейсекенова Айнаш Байкенженовна** кандидат филологических наук, Международный университет Астана (Казахстан);
- **Шахметова Назира Аханқызы**, кандидат филологических наук, Международный университет Астана (Казахстан).

Editorial team of the journal
International Science Reviews. Social Sciences series

CHIEF EDITOR

- **Saule Amandykova**, Doctor of Legal Sciences, Professor, Astana International University (Kazakhstan)

DEPUTY CHIEF EDITOR

- **Aigerim Ibrayeva**, PhD, Dean of the Higher School of Social Sciences and Humanities, Astana International University (Kazakhstan);

EDITORS:

- **Nurbek Khairmukhanmedov**, PhD, Dean of the Higher School of Law, Astana International University (Kazakhstan);
- **Zubirash Smagulova**, PhD, Dean of the Higher School of Economics, Astana International University (Kazakhstan);
- **Zhanna Akhmediyeva**, Candidate of Pedagogical Sciences, Director of the Pedagogical Institute, Astana International University (Kazakhstan);
- **Jacek Zalesny**, Doctor of Legal Sciences, Professor, Warsaw University (Poland);
- **Milen Baltov**, PhD, Professor, Burgas Free University (Bulgaria);
- **Ryszard Pukała**, PhD, Professor, Vice-Rector for Student Affairs, Bronisław Markiewicz State University of Applied Sciences (Poland);
- **Oleg Shalyapin**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Novosibirsk State Pedagogical University (Russia);
- **Karakat Nagymzhanova**, Doctor of Pedagogical Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan);
- **Marat Alenov**, Doctor of Legal Sciences, Astana International University (Kazakhstan);
- **Baglan Aimurzina**, Doctor of Economic Sciences, Professor, Astana International University (Kazakhstan);
- **Amanzhol Nurmagambetov**, Doctor of Legal Sciences, Professor, Astana International University (Kazakhstan);
- **Madina Anafinova**, Candidate of Philology, Astana International University (Kazakhstan);

- **Zaida Zhumabaeva**, Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Astana International University (Kazakhstan);
- **Saule Okutayeva**, PhD, Astana International University (Kazakhstan);
- **Talant Samarkhanov**, PhD, Astana International University (Kazakhstan);
- **Ainash Seisekenova**, Candidate of Philological Sciences, Astana International University (Kazakhstan);
- **Nazira Shahmetova**, Candidate of Philology, Astana International University (Kazakhstan).

Editorial address: 8, Kabanbay Batyr avenue, of.316, Astana, Kazakhstan, 010000

Tel.: (7172) 24-18-52 (ext. 316)

E-mail: aiu.socialscience@yandex.kz

International Science Reviews

Social Sciences series

Owner: Astana International University

Periodicity: quarterly

Circulation: 500 copies

МАЗМҰНЫ

Секция

ҚҰҚЫҚ

М.Жаскайрат «ТҰРҒЫН ҮЙ» ЖӘНЕ «ТҰРҒЫН ҮЙ КЕҢІСТІГІ»
ҰҒЫМДАРЫНЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ.....15

А.К.Құттыбаева ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ЗАҢНАМАЛЫҚ ПРОЦЕСТЕ
ҚОЛДАНУ: ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ
ШОЛУ.....26

К.Г.Адамов ЕУРОМАЙДАН ЖАҢА ГЕОПОЛИТИКАЛЫҚ ШЫНДЫҚТЫ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТРИГЕРІ РЕТІНДЕ.....41

А.Д.Абишева ЖАСТАРДАҒЫ СУИЦИДТІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-ОТБАСЫЛЫҚ АНЫҚТАУШЫЛАРЫ.....59

Секция

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ

Г.А. Кадырова КӘСІПОРЫННЫҢ МАРКЕТИНГ ҚЫЗМЕТІН БАСҚАРУ
ӘДІСТЕМЕСІ.....66

А.А. Усипбеков ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ
ИННОВАЦИЯЛАР: ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖАҢА
ҮРДІСТЕР МЕН ОНЫҢ БОЛАШАҒЫ.....76

С.Т. Окутаева АҚШ - ТАҒЫ МҮТЕДЕКТЕРДІ МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ
ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ҚОЛДАУ.....88

К.Р. Нурсултанова КӘСІПОРЫН МЫСАЛЫНДА САУДА-ДЕЛДАЛДЫҚ
ҰЙЫМДАРДЫҢ АЙНАЛЫМ ШЫҒЫНДАРЫН ОҢТАЙЛАҢДЫРУ.....97

Г.Нуржанова САЛЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ
ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА ҚОЛДАНУ ҮШІН ӘЛЕУЕТІ.....106

Секция
ӘЛЕУМЕТТІК ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

Т.Г. Баймухамбетов ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕН ТАЯУ ШЫҒЫС
МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНА ҚЫСҚАША
ТАЛДАУ.....113

Т.Г. Баймухамбетов ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ ІРІ ОЙЫНШЫЛАРДЫҢ
МҮДДЕЛЕРІ. ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ДЕРЖАВАЛАРДЫҢ САЯСИ
ЖАҒДАЙҒА РӨЛІ МЕН ӘСЕРІН ТАЛДАУ.....124

СОДЕРЖАНИЕ

Секция
ПРАВО

<u>М.Жаскайрат</u> СООТНОШЕНИЕ ПОНЯТИЙ «ЖИЛИЩЕ» И «ЖИЛОЕ ПОМЕЩЕНИЕ»	15
<u>А.К. Құттыбаева</u> ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫХ ПРОЦЕССАХ: ОРГАНИЗАЦИОННЫЕ И ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ.....	26
<u>К.Г. Адамов</u> ЕВРОЙМАЙДАН КАК ТРИГГЕР ФОРМИРОВАНИЯ НОВОЙ ГЕОПОЛИТИЧЕСКОЙ РЕАЛЬНОСТИ.....	41
<u>А.Д. Абишева</u> СОЦИАЛЬНЫЕ И СЕМЕЙНЫЕ ДЕТЕРМИНАНТЫ СУИЦИДАЛЬНОГО ПОВЕДЕНИЯ У МОЛОДЕЖИ.....	59

Секция
ЭКОНОМИКА и ФИНАНСЫ

<u>Г.А. Кадырова</u> МЕТОДИКА УПРАВЛЕНИЯ МАРКЕТИНГОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬЮ ПРЕДПРИЯТИЯ.....	66
<u>А.А. Усипбеков</u> ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ И ИННОВАЦИИ: НОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И ЕГО БУДУЩЕЕ НА ФИНАНСОВОМ РЫНКЕ КАЗАХСТАНА.....	76
<u>С.Т. Окутаева</u> ГОСУДАРСТВЕННАЯ И НЕГОСУДАРСТВЕННАЯ ПОДДЕРЖКА ТРУДОУСТРОЙСТВА ЛИЦ С ИНВАЛИДНОСТЬЮ В США.....	88
<u>К.Р. Нурсултанова</u> ОПТИМИЗАЦИЯ ИЗДЕРЖЕК ОБРАЩЕНИЯ ТОРГОВО-ПОСРЕДНИЧЕСКИХ ОРГАНИЗАЦИЙ НА ПРИМЕРЕ ПРЕДПРИЯТИЯ.....	97

Г.Нуржанова МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ НАЛОГОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ И ЕГО ПОТЕНЦИАЛ ДЛЯ ПРИМЕНЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ	106
--	-----

Секция

СОЦИАЛЬНЫЕ ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

Т.Г. Баймухамбетов КРАТКИЙ АНАЛИЗ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ ГОСУДАРСТВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ И БЛИЖНЕГО ВОСТОКА.....	113
--	-----

Т.Г. Баймухамбетов ИНТЕРЕСЫ КРУПНЫХ ИГРОКОВ НА БЛИЖНЕМ ВОСТОКЕ. АНАЛИЗ РОЛИ И ВЛИЯНИЯ МИРОВЫХ И РЕГИОНАЛЬНЫХ ДЕРЖАВ НА ПОЛИТИЧЕСКУЮ СИТУАЦИЮ.....	124
--	-----

«INTERNATIONAL SCIENCE REVIEWS»

CONTENT

Section
LAW

<u>M. Zhaskayrat</u> RELATIONSHIP BETWEEN THE CONCEPTS OF «HOUSING» AND «RESIDENTIAL PREMISES».....	15
<u>A.K. Kuttybaeva</u> USE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN LEGISLATIVE PROCESSES: ORGANIZATIONAL AND LEGAL ASPECTS.....	26
<u>K.G. Adamov</u> EUROMAIDAN AS A TRIGGER FOR THE FORMATION OF A NEW GEOPOLITICAL REALITY.....	41
<u>A.D. Abisheva</u> SOCIAL AND FAMILY DETERMINANTS OF SUICIDAL BEHAVIOR IN YOUTH.....	59

Section
ECONOMICS AND FINANCE

<u>G.A. Kadyrova</u> THE METHODOLOGY OF MANAGING THE MARKETING ACTIVITIES OF THE ENTERPRISE.....	66
<u>A.A. Usipbekov</u> DIGITAL TRANSFORMATION AND INNOVATION: NEW TRENDS AND ITS FUTURE IN THE FINANCIAL MARKET OF KAZAKHSTAN.....	76
<u>S.T. Okutaeva</u> STATE AND NON-STATE SUPPORT FOR THE EMPLOYMENT OF PERSONS WITH DISABILITIES IN THE UNITED STATES.....	88
<u>K.R. Nursultanova</u> OPTIMIZATION OF THE COSTS OF DEALING WITH TRADE AND INTERMEDIARY ORGANIZATIONS ON THE EXAMPLE OF AN ENTERPRISE.....	97

<u>G.Nurzhanova</u> INTERNATIONAL EXPERIENCE OF TAX REGULATION AND ITS POTENTIAL FOR APPLICATION IN KAZAKHSTAN.....	106
--	-----

Section
SOCIAL HUMANITIES

<u>T.G. Baimukhambetov</u> A BRIEF ANALYSIS OF THE RELATIONS BETWEEN THE STATES OF CENTRAL ASIA AND THE MIDDLE EAST	113
--	-----

<u>T.G.Baimukhambetov</u> INTERESTS OF MAJOR PLAYERS IN THE MIDDLE EAST. ANALYSIS OF THE ROLE AND INFLUENCE OF WORLD AND REGIONAL POWERS ON THE POLITICAL SITUATION.....	124
---	-----

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР: ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖАҢА ҮРДІСТЕР МЕН ОНЫҢ БОЛАШАҒЫ

Усипбеков А.А.

докторант, магистр, аға оқытушы.
Астана халықаралық университеті.
Астана, Қазақстан Республикасы.
e-mail: a.usipbekov@mail.ru

Түйін. Мақалада Қазақстанның қаржы нарығындағы цифрлық трансформацияның негізгі бағыттары мен жаңа үрдістері қарастырылады. Цифрлық банкинг, FinTech стартаптары және блокчейн технологияларының дамуы қаржылық қызметтерге оң әсер етуде. Сондай-ақ, мақалада цифрландырудың қаржы нарығына тигізетін әсері мен болашақта осы саладағы инновациялық шешімдердің ықтимал артықшылықтары талқыланады. Зерттеу нәтижелері Қазақстанның қаржы нарығының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және халықаралық деңгейде позициясын нығайтуға бағытталғанын көрсетеді. Бұл мақала Қазақстанның қаржы нарығында цифрлық трансформация мен инновациялардың қалай жүзеге асқанын талқылайды. Мақалада цифрлық банкинг қызметтерінің дамуы, FinTech стартаптарының өсуі және блокчейн технологияларының қаржы секторындағы әсері зерттеледі.

Кілт сөздер: цифрлық трансформация, цифрлық банкинг, FinTech, блокчейн, қаржы нарығы, қаржылық инклюзия, киберқауіпсіздік.

КІРІСПЕ

Қазақстанның қаржы нарығында цифрландыру жаһандық деңгейде маңызды трендтердің бірі болып табылады. Цифрлық технологиялардың жедел дамуы және қоғамның заманауи қаржылық қызметтерге сұранысының артуы нәтижесінде, елімізде қаржылық қызметтердің цифрлық форматқа көшуі белсенді түрде жүзеге асырылуда. 2019 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңде Қазақстанның қаржы нарығында цифрлық трансформацияға арналған инвестициялар көлемі 15%-дан 30%-ға дейін өскен. Бұл үрдіс қаржы нарығындағы бәсекелестікті арттырып, қаржылық қызметтерді клиенттерге қолжетімді ете отырып, халықтың экономикалық белсенділігін арттыруға мүмкіндік туғызады [1].

Қазақстанның қаржы нарығы соңғы онжылдықта айтарлықтай өзгерістерге ұшырап, цифрлық трансформацияның ықпалына түсті. Мобильді банкинг қызметтері, блокчейн технологиялары және FinTech саласының өрлеуі қаржы институттарының жұмысын жақсартып, халыққа көрсетілетін қызмет сапасын арттырды. Мысалы, ірі банктер мен FinTech

компаниялары клиенттеріне ыңғайлы онлайн платформаларды ұсынып, қаржылық қызметтерді жылдам әрі тиімді түрде алуға мүмкіндік туғызып отыр.

Мақалада қаржы секторындағы негізгі инновациялық өзгерістер, оның ішінде цифрлық банкинг, FinTech компаниялары мен блокчейн технологияларының, сандық теңгенің Қазақстан экономикасына тигізетін әсері қарастырылады. Цифрлық банкинг қызметтері, сондай-ақ, ауылдық жерлерде де халықтың қаржылық қызметтерге қолжетімділігін арттыруда, бұл экономикалық инклюзияны қамтамасыз етеді. FinTech стартаптары нарықтағы дәстүрлі қызмет көрсету әдістеріне жаңа көзқарас ұсынып, қаржы секторында инновацияларды енгізуге ықпал етуде. Блокчейн технологиясының арқасында транзакциялардың қауіпсіздігі мен ашықтығы қамтамасыз етіліп, алаяқтық пен заңсыздықтың алдын алуға мүмкіндік туды.

Зерттеу мақсаты – Қазақстанның қаржы нарығындағы цифрлық трансформацияның қазіргі жағдайын зерттеп, оның болашақ даму мүмкіндіктерін талқылау. Осы мақсатта, мақалада цифрлық трансформацияның қаржы секторындағы рөлі, қазіргі таңдағы өзекті мәселелер мен болашағы талданады, сондай-ақ, мемлекет тарапынан қабылданған шаралар мен инновациялық жобалардың тиімділігі мен даму әлеуеті қарастырылады.

Зерттеу материалдары ретінде Қазақстанның цифрлық банкингі мен қаржы саласындағы заңнамалық базасы, FinTech компанияларының қызметтері және блокчейн технологиясын енгізу тәжірибелері пайдаланылды. Бұл зерттеу қаржы секторындағы инновациялық өзгерістер мен цифрлық трансформацияның мәнін терең түсінуге бағытталған.

Негізгі әдістер ретінде құжаттық талдау, салыстырмалы зерттеу және эмпирикалық мәліметтерді талдау қолданылды. Құжаттық талдау Қазақстанның қаржы нарығының нормативтік-құқықтық актілері мен заңнамаларын зерттеуге негізделді. Заңнамалық базаның цифрландыруды қолдауға қалай ықпал ететінін, сондай-ақ осы саладағы жаңа бастамаларды жүзеге асырудағы рөлін анықтау маңызды болды. Салыстырмалы талдау басқа елдермен салыстырмалы түрде Қазақстандағы цифрлық трансформацияның ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Бұл әдіс арқылы Қазақстанның қаржы нарығының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қандай стратегиялар қолданылатыны және халықаралық тәжірибелердің интеграциясы туралы ақпарат жинақталды.

Эмпирикалық мәліметтерді талдау банктердің цифрлық қызметтерінің көрсеткіштері мен FinTech стартаптарының даму динамикасын қарастыруға бағытталды. Бұл талдау қаржы

институттарының цифрлық қызметтерін пайдаланудың статистикалық деректері негізінде жүргізілді, бұл нарықтағы үлесі мен тиімділігін бағалауға көмектесті. Сонымен қатар, зерттеу барысында клиенттер мен банк арасындағы өзара әрекеттестіктің жаңа формалары, соның ішінде мобильді қосымшалар мен онлайн платформалардың даму үрдістері зерделенді. Мұның бәрі Қазақстанның қаржы нарығының цифрлық трансформациясының тиімділігі мен болашағын айқындауға мүмкіндік берді, елдің экономикалық дамуында инновациялық шешімдердің маңыздылығын көрсетеді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Цифрлық банкингтің дамуы зерттеу нәтижелері Қазақстанда қаржылық қызметтердің қолжетімділігін арттырып, клиенттерге ыңғайлы жағдайлар жасағанын көрсетеді. Цифрлық банкингтің негізгі мақсаты — халыққа қаржылық қызметтерді жылдам әрі тиімді ұсыну. Қазақстандағы ірі банктер, оның ішінде Kaspi.kz және Halyk Bank, мобильді қосымшалары арқылы клиенттерге шот ашу, төлемдер жасау, несиелер алу және депозиттерді басқару сияқты мүмкіндік береді. Бұл қызметтер клиенттер үшін ыңғайлылықты қамтамасыз етіп, банк операцияларын автоматтандыру арқылы халыққа қызмет көрсету уақытын қысқартуға ықпал етті. Мысалы, Kaspi.kz мобильді қосымшасы Қазақстанда цифрлық банкингтің дамуында ерекше орын алады. 2015 жылы Kaspi.kz мобильді қолданушы саны 1 миллионға жетсе, 2023 жылы бұл көрсеткіш 10 миллионнан асты [2]. Бұл көрсеткіш цифрлық қызметтердің халық арасында қаншалықты танымал екенін көрсетеді. Аталған мобильді платформа арқылы клиенттер банктік қызметтерді үйде отырып-ақ алып, уақытын үнемдей алады. Цифрлық төлем жүйелері арқылы жасалған операциялар саны 2020 жылы жалпы төлемдердің 40%-ын құраса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 65%-ға дейін өсті. Бұл көрсеткіш халықтың қолма-қол ақшасыз есеп айырысуға деген қызығушылығының артқанын көрсетеді. 2023 жылдың статистикасы бойынша, Қазақстанда цифрлық банкинг арқылы жыл сайынғы транзакциялардың көлемі 30 триллион теңгеге жетті. Бұл 2020 жылмен салыстырғанда 2,5 есе өскенін көрсетеді, бұл да цифрлық банкингтің қаржы нарығындағы ықпалының айқын дәлелі. Цифрлық банкинг халықтың қаржылық қызметтерді алуын жеңілдетіп, олардың өмір сүру сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Мысалы, 2022 жылы 3 миллионнан астам адам алғаш рет онлайн шот ашты. 2023 жылы 4,5 миллион жаңа шот ашылды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 50%-ға өскенін білдіреді. Бұл тенденция цифрлық банкингтің халық арасында танымалдылығының артқанын, сондай-ақ қаржылық қызметтерге деген сұраныстың өскенін көрсетеді [3].

Цифрлық банкінгтің дамуында банк қызметтерінің ашықтығы, тиімділігі және қауіпсіздігі секілді факторлар маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, банктердің цифрлық платформалары клиенттердің деректерін қорғау мен киберқауіпсіздік мәселелерін де ескеруі қажет. Қазақстанның қаржы нарығында цифрлық банкінгтің дамуы қаржы секторында бәсекелестікті арттырды, бұл клиенттерге жаңа инновациялық шешімдер мен қызметтер ұсынуға итермеледі. Дегенмен, осы бағытта киберқауіпсіздік пен деректердің қорғалуы мәселелері де өзекті болып қала береді. Цифрлық банкінгтің болашағы инновациялық технологиялардың, оның ішінде блокчейн және жасанды интеллект сияқты шешімдердің дамуымен тығыз байланысты.

FinTech компанияларының өсуі Қазақстандағы қаржы нарығының тағы бір маңызды аспектісі ретінде ерекше назар аудартады. Соңғы жылдары Қазақстанда цифрлық қаржылық қызметтерді ұсынатын компаниялардың саны айтарлықтай артты, бұл, әсіресе, қаржы нарығының жаңғыртылуы мен цифрландыру үдерісімен тығыз байланысты. FinTech компаниялары заманауи технологияларды қолдана отырып, клиенттерге қаржылық қызметтерді цифрлық форматта ұсынуда. Мысалы, Chosofamily және Home Credit Bank сияқты ұйымдар онлайн төлем жүйелері мен несиелеу бағытында жетекші орынға ие болып, клиенттерге инновациялық қызметтер көрсетуде[4].

2020 жылдан 2023 жылға дейін FinTech стартаптарының саны 150%-ға артты, қазіргі таңда Қазақстанда 500-ден астам FinTech компаниялары жұмыс істейді. Бұл көрсеткіш елдегі цифрлық трансформацияның белсенділігі мен қаржы секторындағы инновациялық шешімдерге деген сұраныстың артуын көрсетеді. FinTech стартаптарының артықшылықтары, ең алдымен, олардың жылдамдық, икемділік және клиенттердің қажеттіліктеріне жедел жауап беру мүмкіндігімен сипатталады. Мұндай компаниялардың клиенттерге ұсынатын қызметтері уақытты үнемдеп, қаржылық қызметтерді тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

2023 жылдың бірінші жартыжылдығында P2P несиелеу платформалары арқылы 60 миллиард теңге көлемінде несие берілді. Бұл цифрлар FinTech компанияларының несиелеу нарығындағы белсенділігін және клиенттерге қолжетімділіктің артуын білдіреді. Финанс тұтынушыларының түрлі топтарына қызмет көрсету — FinTech компанияларының маңызды мақсаты болып табылады. Олар көбіне жылдам әрі ыңғайлы шешімдерді ұсына отырып, дәстүрлі банктік жүйенің шектеулерін жеңеді.

FinTech компанияларының басты бағыттары онлайн несиелеу қызметтері, төлем жүйелерінің автоматтандырылуы және

криптовалюталардың енгізілуі мен дамуы. Онлайн несиелеу қызметтері арқылы клиенттер несиені жылдам әрі оңай ала алады, ал төлем жүйелерінің автоматтандырылуы уақытты үнемдеуге және қаржылық операцияларды жеңілдетуге мүмкіндік береді. Криптовалюталардың енгізілуі, өз кезегінде, қаржылық қызметтердің жаңа формаларын дамытып, клиенттердің инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Цифрлық банкинг ауылдық жерлерде қаржылық қызметтерге қолжетімділікті арттырып, халықтың кең көлемде банктік қызметтерді пайдалануына жол ашты. FinTech платформалары тек қалаларда ғана емес, шалғай аймақтарда да қолжетімді болды. 2023 жылы ауылдық жерлерде онлайн банкингті пайдаланушылар саны 30%-ға артты, бұл инклюзияның артуына септігін тигізді. Аталған өсім жастар мен егде жастағы адамдар арасында цифрлық қызметтерге сұраныстың артуымен тығыз байланысты. Ауыл тұрғындары, әсіресе, цифрлық құралдарды пайдалана отырып, қаржылық операцияларды жүзеге асыруға, шот ашуға және несиелер алуға мүмкіндіктері артты.

FinTech компанияларының дамуы қаржы нарығында бәсекелестікті арттыруда, бұл өз кезегінде клиенттер үшін қаржылық қызметтердің сапасын жақсартуға әкеледі. Сонымен қатар, FinTech саласындағы инновациялар Қазақстанның қаржы секторына шетелдік инвестицияларды тартуға, сонымен қатар қаржылық инклюзияны арттыруға мүмкіндік береді.

Сондықтан, FinTech компаниялары Қазақстанның қаржы нарығының инновациялық экожүйесін қалыптастыруда және цифрлық қызметтердің халық арасында кеңінен таралуында маңызды рөл атқаруда. Олар тек қаржылық қызметтерді жетілдірумен шектелмей, сонымен қатар клиенттер мен нарыққа жаңа шешімдер мен идеялар ұсынып, жаңа бизнес модельдерін дамытуда.

Блокчейн технологиялары қаржы секторындағы транзакциялардың қауіпсіздігін күшейтіп, деректерді ашық әрі қауіпсіз түрде өңдеуге мүмкіндік береді. Блокчейн жүйесінің децентрализовандығы мен криптографиялық әдістері арқылы транзакциялар автоматты түрде тексеріледі, бұл алаяқтық пен заңсыз әрекеттердің алдын алуға ықпал етеді. 2020 жылы енгізілген цифрлық теңге жобасы арқылы мемлекет қаржы секторындағы инновациялық шешімдерді қолдады, бұл Қазақстанның ақша айналымын заманауи технологиялар арқылы басқаруға мүмкіндік берді.

2022 жылдың қыркүйегінде Қазақстанның Ұлттық Банкі блокчейн технологиясын пайдалану арқылы 100 000-нан астам транзакцияларды жүзеге асырды, бұл цифрлық теңгенің қолданысқа енгізілгенін және нарықтағы сұранысқа жауап бергенін көрсетті. Блокчейн технологиясы

арқылы қауіпсіздік деңгейі артып, алаяқтық пен заңсыз транзакциялардың алдын алу мүмкіндігі пайда болды. Блокчейн транзакцияларының ашықтығы мен өзгертілмейтіндігі клиенттердің сенімін арттырады және қаржы нарығындағы тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Киберқауіпсіздік мәселелері қаржы секторында маңызды рөл атқарады. Цифрлық трансформацияның басты талаптарының бірі — деректердің қорғалуы. 2023 жылдың басында киберқауіпсіздікке қатысты инциденттердің саны 15%-ға азайған, бұл Қазақстан Үкіметінің бірнеше заңнамалық өзгерістер енгізіп, цифрлық қауіпсіздік шараларын күшейту нәтижесі болып табылады. Аталған өзгерістердің қатарында ақпараттық қауіпсіздікті қорғау үшін жаңа стандарттар мен ережелер енгізу, киберқауіпсіздік саласындағы мамандардың білімін арттыру, сондай-ақ, ақпараттық жүйелердің қорғалуын қамтамасыз ететін мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру бар.

Қаржы нарығын реттеу цифрлық трансформацияның тағы бір маңызды аспектісі болып табылады. Қазақстанда цифрлық экономиканың қажеттіліктеріне сай келетін нормативтік-құқықтық базаны құруға бағытталған бірнеше заңнамалар қабылданды. Мысалы, "Ақша төлемдері мен аударымдары туралы" Заңы және "Қаржы технологияларын реттеу" бастамалары қаржы нарығының тиімділігін арттыруға бағытталған. 2023 жылы Қазақстанның қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі 40-тан астам жаңа нормативтік актілер қабылдады, бұл өзгерістер қаржылық институттардың инновациялық технологияларды қабылдауына, клиенттерге ұсынылатын қызметтердің сапасын жақсартуға және жалпы қаржы нарығының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған [5].

Бұл заңнамалық актілер, сонымен қатар, стартаптардың дамуын ынталандырып, оларды қаржыландыру үшін жаңа мүмкіндіктерді ашты. Мысалы, FinTech стартаптары үшін арнайы бағдарламалар мен гранттар енгізілді, бұл оларды нарыққа жылдам шығуға, инновациялық шешімдерді әзірлеуге және нарықта өз орнын табуға септігін тигізді. Нәтижесінде, Қазақстанның қаржы нарығы әлемдік стандарттарға сай бола отырып, инвесторлар мен клиенттер үшін тартымды алаңға айналады.

Бұдан басқа, қабылданған заңдар мен нормативтік актілер киберқауіпсіздік, ақпараттық технологиялар мен деректерді қорғау мәселелеріне де назар аударады, бұл еліміздің цифрлық экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз етеді. Осылайша, цифрлық трансформацияның құқықтық негізі еліміздің қаржы жүйесін әрі қарай дамытуда және әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілікті арттыруда маңызды рөл атқарады.

Цифрлық теңге — бұл Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің цифрлық валютасын іске асыру жобасы, ол 2020 жылы басталды. Цифрлық теңгенің негізгі мақсаты — қаржы жүйесінің цифрландыруын және заманауи технологияларды енгізуді қамтамасыз ету. Цифрлық теңге, дәстүрлі теңгеден айырмашылығы, тек электронды форматта ғана бар, бұл оны тез әрі тиімді түрде төлемдер жасауға, транзакцияларды жүргізуге, сондай-ақ қаржылық қызметтердің қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді.

Цифрлық теңгенің ерекшелігі, ол блокчейн технологиясы негізінде жұмыс істейді, бұл жүйенің қауіпсіздігін, ашықтығын және операциялардың жылдамдығын арттырады. Блокчейн технологиясы транзакциялардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, себебі әрбір транзакция криптографиялық кодтау арқылы шифрланады, бұл алаяқтық пен заңсыз әрекеттердің алдын алуға көмектеседі. Цифрлық теңге тек ел ішінде ғана емес, халықаралық транзакцияларда да пайдалануға мүмкіндік береді, бұл Қазақстанның қаржы нарығының интеграциясын нығайтуға мүмкіндік береді.

Цифрлық теңгені енгізудің экономикалық әсері зор. Ол халықтың қаржылық қызметтерге қолжетімділігін арттыруға, банктік қызметтерді автоматтандыруға және қаржылық инклюзияны қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Цифрлық теңгенің көмегімен ауылдық жерлерде тұратын тұрғындарға, әсіресе, банктерге қол жеткізудің қиындығы бар адамдарға қаржылық қызметтерді алу оңай болады.

Цифрлық теңге, сондай-ақ, ақша айналымын бақылауды жеңілдетеді, өйткені барлық транзакциялар автоматты түрде тіркеледі. Бұл мемлекетке салықтық және қаржылық бақылауды жақсартуға, экономиканың көлеңкелі секторын азайтуға мүмкіндік береді. Цифрлық теңгенің іске асырылуы Қазақстанда қаржы технологияларының дамуын жеделдетуге және халықаралық стандарттарға сай қаржы жүйесін құруға жол ашады.


2022 жылы Қазақстанның Ұлттық Банкі цифрлық теңгені енгізу бойынша эксперименттер жүргізді. Бұл эксперименттер барысында цифрлық теңгені пайдалану арқылы 100 000-нан астам транзакция жүзеге асырылды. Бұл, әсіресе, COVID-19 пандемиясы кезінде, электрондық төлемдердің қажеттілігі мен танымалдылығының артуымен байланысты болды. Цифрлық теңгенің іске асырылуы қаржы жүйесінде жаңа технологиялардың, атап айтқанда, блокчейн мен киберқауіпсіздік шешімдерінің қолданылуын ынталандырады [6].

Жоспарланған сценарийлерді, транзакциялардың күтілетін көлемін және инфрақұрылымға қойылатын талаптарды ескере отырып, ақпараттық

қауіпсіздікті (бұдан әрі – АҚ) қамтамасыз етудің мынадай міндеттері кілт ретінде таңдалды.

- Транзакциялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Қолданбалар мен контейнерлік бейнелердегі осалдықтарды анықтауды қамтамасыз ету;
- Үздік тәжірибелерге сәйкес ЦТ платформасының кодын қауіпсіз әзірлеуді қамтамасыз ету;
- Әзірлеушілер кепілге қоймаған бастапқы кодты орындау тармақтары арқылы жүйені рұқсатсыз пайдалану мүмкіндігін азайту;
- ЦТ платформасында өңделетін ақпаратты рұқсатсыз өзгертудің және/немесе жоюдың алдын алу;
- Қауіпсіздік құралдарын CI/CD процесіне ендіру;
- Ақпаратты криптографиялық қорғауды қамтамасыз ету.

Жүргізілген жұмыстардың қорытындысы бойынша тәуекелдер жіктемесі мен митигациялық шаралары бар қауіптердің жан-жақты моделі дайындалды.



Сурет-1 Цифрлық тенге платформасының негізгі қауіпсіздік қатерлерін талдау


Ескерту – дереккөзі «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы» Акционерлік Қоғамының Цифрлық тенге бірінші кезеңді іске асыру нәтижелері бойынша есебінен [7].

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қазақстанның Ұлттық төлем корпорациясы «Цифровой тенге: результаты реализации первой фазы» атты цифрлық валютаны енгізудің бірінші кезеңінің қорытындысы туралы баяндаманың жарияланғанын хабарлайды. Қорытынды есеп «Цифровой тенге» жобасының ағымдағы жағдайы мен 2023 жылғы жұмыстар барысында алынған өндірістік және эксперименталды

контурдың нәтижелері туралы ақпаратты ұсынады. Сонымен қатар, бұл құжат 2024 және 2025 жылдарға арналған іске асыру жоспарларын да сипаттайды.

2023 жылғы 15 қарашада цифрлық теңгенің платформасын енгізудің алғашқы кезеңі өндірістік контур аясында іске қосылды. Банктердің қатысушы клиенттері арасында цифрлық теңгемен төлемдер мен аударымдар қолжетімді болды. Сонымен қатар, Алматы қаласының әкімдігі мен «Казпочта» акционерлік қоғамымен бірлесіп, мектептерде тегін тамақтану үшін «цифрлық ваучерлер» пилоттық жобасы басталды. Visa және Mastercard-пен, сондай-ақ 4 банкпен (Халық Банкі, Altyn Bank, БанкЦентрКредит, Евразиялық банк) бірге цифрлық теңгемен цифрлық шотқа байланған цифрлық банктік карталар шығарылды – бұл азаматтарға цифрлық теңгемен дүние жүзінің кез келген жерінде ақша жұмсауға, қолма-қол ақша алуға және операциялар жүргізуге мүмкіндік береді, олар банктік инфрақұрылым аясында таныс пайдаланушы жолында жүзеге асырылады. Эксперименталды контурда нарық қатысушыларының 2022 жылғы Digital Tenge Ideathon идеялар байқауында жеңіске жеткен идеяларын апробациялау, сондай-ақ трансшекаралық төлемдерді тестілеу, цифрлық теңгемен қамтамасыз етілген стейблкоиндерді шығару және бағалы қағаздарды токенизациялау жұмыстары жүргізілді.

Цифрлық теңге платформасы екі деңгейлі модельге (2-сурет) сәйкес жүзеге асырылады, онда ОБ (бірінші деңгей) ОБЦВ платформасының дизайны мен негізгі функционалын әзірлейді, ал ЕДБ (екінші деңгей) ОБЦВ платформасына қосылуды және ЖТ мен ЗТ сервисін ұсынуды жүзеге асырады.



Сурет 2– ЦТ платформасының екі деңгейлі моделі

Ескерту – дереккөзі «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы» Акционерлік Қоғамының Цифрлық теңге бірінші кезеңді іске асыру нәтижелері бойынша есебінен [7].

Мұндай архитектура ЦТ – ҚРҰБ және ЕДБ платформасының қатысушылары, сондай-ақ ЗТ және ЖТ пайдаланушылары арасында тиімді өзара іс-қимылды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. ЕДБ ЦТ платформасына API арқылы қосылады және клиенттерге мобильді қосымшаларда пайдаланушы интерфейсін ұсынады, сол арқылы клиенттер ЦТ платформасында цифрлық шоттар аша алады, ЦТ-ден/ЦТ-ге айырбастауды жүзеге асыра алады және ЦТ операцияларын жүргізе алады. Сондай-ақ, ЦТ платформасымен ҚРҰБ қызметкерлері операциялық бақылауды жүзеге асыру және есептілікті алу үшін өзара іс-қимыл жасай алады.

2024 жылы нарық қатысушыларымен бірге іске қосылған жүйелер мен жобаларды ауқымды түрде енгізу жоспарлануда. Ұлттық цифрлық валютаны енгізудің екінші кезеңі аясында жаңа нарық қатысушыларын қосу, Интернетке қосылусыз есеп айырысуларды жүзеге асыру, мемлекеттік есеп айырысулардың тиімділігін арттыру үшін смарт-контракттарды қолдану және инновациялық қызметтер құру жоспарлануда.

Ұлттық Банк цифрлық теңгені 2025 жылдың соңына дейін үш кезеңмен кезең-кезеңімен енгізуді жүзеге асыруда. Цифрлық теңгенің болашағы кең мүмкіндіктермен байланысты. Оны пайдалану арқылы, Қазақстан халықаралық деңгейде бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, инвестицияларды тартуға және экономиканың өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік алады. Цифрлық теңге тек заманауи қаржы технологияларының енгізілуі ғана емес, сонымен қатар, мемлекеттің экономикалық саясатының тиімділігін арттырудың бір жолы болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанның қаржы нарығында цифрлық трансформация процесі қарқынды түрде жүріп жатыр, бұл елдің экономикалық дамуына және халықаралық бәсекеге қабілеттілігінің артуына елеулі ықпал етеді. Цифрлық банкінгтің, FinTech компанияларының, блокчейн технологияларының және цифрлық теңгенің енгізілуі қаржылық қызметтердің қолжетімділігін, тиімділігін және қауіпсіздігін арттыруға бағытталған.

Цифрлық банкінг клиенттерге ыңғайлы жағдайлар жасауда, банктердің операциялық шығындарын төмендетуде және халыққа қызмет көрсету уақытын қысқартуда айтарлықтай жетістіктерге жетті. FinTech компаниялары инновациялық шешімдер ұсынып, жылдамдық пен икемділікке негізделген қызметтерді дамытуда маңызды рөл атқарады. Қазақстанда 500-ден астам FinTech стартаптарының пайда болуы, сондай-ақ, P2P несиелеу платформалары арқылы несие берудің артуы цифрлық қызметтердің кеңеюіне ықпал етеді. Блокчейн технологиялары мен

киберқауіпсіздік шаралары қаржы секторындағы транзакциялардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Цифрлық теңгенің енгізілуі мемлекеттік қаржы жүйесін жаңғыртуға, экономиканың көлеңкелі секторын қысқартуға, сондай-ақ, халықаралық деңгейде Қазақстанның қаржы нарығын интеграциялауға мүмкіндік береді.

Жалпы, Қазақстанның қаржы нарығының цифрлық трансформациясы елдің экономикалық өсімін, халықтың қаржылық инклюзиясын және бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Цифрлық теңге, FinTech және блокчейн сияқты инновациялар еліміздің қаржылық экожүйесінің заманауи талаптарға сай болуын қамтамасыз етіп, болашақта жаңа инновациялық шешімдерді енгізуге негіз болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ресми сайты – <https://nationalbank.kz>
2. Kaspi.kz ресми сайты <https://kaspi.kz>
3. Halyk Bank ресми сайты <https://halykbank.kz>
4. Chocofamily ресми сайты <https://chocofamily.kz>
5. Қазақстан Республикасының "Ақша төлемдері мен аударымдары туралы" Заңы <https://adilet.zan.kz>
6. Қазақстанның қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі ресми сайты <https://finreg.kz>
7. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы» Акционерлік Қоғамының «Цифрлық теңге бірінші кезеңді іске асыру нәтижелері бойынша есебі». <https://npck.kz/>

ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ И ИННОВАЦИИ: НОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И ЕГО БУДУЩЕЕ НА ФИНАНСОВОМ РЫНКЕ КАЗАХСТАНА

Аннотация. В статье рассмотрены основные направления и новые тенденции цифровой трансформации на финансовом рынке Казахстана. Цифровой банкинг, финтех-стартапы и развитие технологий блокчейна оказывают положительное влияние на финансовые услуги. Также в статье рассматривается влияние цифровизации на финансовый рынок и возможные преимущества инновационных решений в этой сфере в будущем. Результаты исследования показывают, что финансовый рынок Казахстана нацелен на повышение конкурентоспособности и укрепление своих позиций на международном уровне. В данной статье рассматривается, как цифровая трансформация и инновации произошли на финансовом рынке Казахстана. В статье рассматривается развитие цифровых банковских услуг, рост финтех-стартапов и влияние блокчейн-технологий на финансовый сектор.

Ключевые слова: цифровая трансформация, цифровой банкинг, финтех, блокчейн, финансовый рынок, финансовая инклюзивность, кибербезопасность.

DIGITAL TRANSFORMATION AND INNOVATION: NEW TRENDS AND ITS FUTURE IN THE FINANCIAL MARKET OF KAZAKHSTAN

Abstract. The article discusses the main directions and new trends of digital transformation in the financial market of Kazakhstan. Digital banking, fintech startups and the development of blockchain technologies have a positive impact on financial services. The article also discusses the impact of digitalization on the financial market and the possible benefits of innovative solutions in this area in the future. The results of the study show that the financial market of Kazakhstan is aimed at increasing competitiveness and strengthening its position at the international level. This article discusses how digital transformation and innovation have occurred in the financial market of Kazakhstan. The article discusses the development of digital banking services, the growth of fintech startups and the impact of blockchain technologies on the financial sector.

Keywords: digital transformation, digital banking, fintech, blockchain, financial market, financial inclusion, cybersecurity.